

Баспасөз релизі

Нұр-Сұлтан қ., 2022 жылғы 20 сәуір

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысына 2021 жылға дивидендтер төлеу жөніндегі ұсынымдары туралы хабарлайды

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына 2021 жылдың нәтижелері бойынша 50,6 млрд теңге мөлшерінде компанияның шоғырландырылған таза табысынан 10 млрд теңге мөлшеріндегі соманы дивидендтер төлеуге жіберуді ұсынды. Қалған 40,6 млрд теңге көлеміндегі соманы бөлмей, «ҚазТрансОйл» АҚ-тың иелігінде қалдыру ұсынылды. 2021 жылғы дивидендтің мөлшерін бір жай акцияға есептегенде 26 теңге деңгейінде белгілеу ұсынылады.

Бұл ұсынымдар компанияның инвестициялық бағдарламаны іске асыру жөніндегі міндеттемелерін орындау қажеттілігімен, «ҚазТрансОйл» АҚ-тың жекеленген құрылымдық бөлімшелері жұмыскерлерінің жалақы деңгейінің, сондай-ақ сервистік кәсіпорындардың қызметтеріне ақы төлеу шығыстарының ұлғаюымен байланысты шығындардың елеулі өсуімен түсіндіріледі.

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын өткізу 2021 жылғы 19 мамырға жоспарланған.

Анықтама үшін:

«ҚазТрансОйл» АҚ - магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,4 мың км магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие. Мұнайды қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарына және экспортқа мына бағыттар бойынша тасымалдайды: «Өзен-Атырау-Самара» магистральдық мұнай құбырының «Атырау-Самара» учаскесі, «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС жүйесіне ауыстырып тиеу («Атасу-Алашанькоу» мұнай құбыры), Ақтау порты (мұнайды танкерлерге құю), «Каспий Құбыр Консорциумы-Қ» АҚ жүйесіне ауыстырып тиеу, «Шағыр» МҚП және Т.Қасымов ат. МАС теміржол цистерналарына мұнай құю.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс және
ішкі коммуникациялар департаменті**